

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 16 (510) 31 қазан 2021 жыл



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ IX ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ ТҮРКІСТАНДА ӨТТІ

Жиын барысында Түркология Конгресіне қатысуға мыңға жуық өтінім түскені белгілі болды. Бұл көрініс түркі халықтарының түркологияға деген құрметінен болса керек.

2 БЕТТЕ

ШӘКІРТТЕР ЕРЛЕП ТҮР!

Жуырда ғана ақын Батырхан Сәрсенхан «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына ие болып бір қуантса, бүгін тағы бір түлегіміз Шұғайып Сәзімхан Қостанайда өткен аламан айтыста бас жүлде алып, темір тұлпар мінді!

3 БЕТТЕ

ТҮРКІСТАНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ЖҮРЕККЕ ОТА ЖАСАЛДЫ

Алғашқы ота түркістандық Расул Атахановқа жасалды. Қазіргі таңда барлық науқастардың жағдайы тұрақты» - деді кардио орталықтың директоры Саламат Құрманбаев. Жалпы мұнда Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау қалаларынан келген 15 медицина маманы жұмыс істеуде.

Ал, кардиология саласында 6 жылдық тәжірибесі бар дәрігер Елтай Ертайұлы Алматы қаласында жұмыс жасап біліктілігін арттырған. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Жалпы медицина мамандығының 2015 жылғы түлегі. Мектепте озат, жоғарғы оқу орнын үздік бітірген замандасым, сыныптасым әрі группаласымның жұмысына сәттілік тілеймін.

4 БЕТТЕ

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Оқу ордамызда тамырлас Түркия мемлекетінің Республика күні мерекесі үлкен салтанатпен атап өтілді. Ұлық мерекеге арналған жиын ұлы көшбасшы Мұстафа Кемал Ататүрік пен қаруластарын және елдік мұрат жолында құрбан болған шейіттерді бір минут үнсіздікпен еске алу рәсімімен басталды.

Университетіміз Өкілетті Кеңесінің Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек салтанатты мәжілісті құттықтау сөзбен

ашты. Төраға тарихи күннің маңызына кеңінен тоқталып, ұлт боп ұйысып, іргелі ел болу – баға жетпес байлық екендігін айрықша атап өтті. Ректор Жанар Темірбекова мерейлі мерекемен құттықтап, бүгінгі күннің тұтас Түркі әлемінің ортақ мерекесіне айналғаны турасында сөз сабақтады. Ректор өкілі, профессор Ж.Томар өз сөзінде ғасырлық межеге таяған Түркия Республикасының ең ұлық мейрамы – Республика күнінің бағасын баяндады. Мерекеге орай тарихшы ұстаз Ерен Акдениз арнайы ба-

яндама жасап, Түркия Республикасының сындарлы тарихын таразылады. Салтанатты басқосуда Түркия Республикасында тәлім-тәрбие алған қазақстандық түлектер атынан университет ректоры Жанар Темірбекова оқу орнымыздың Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшекке Қожа Ахмет Ясауи мөрі бедерленген кәдесый тарту етті. Өнерпаздар концерті – мерекенің маңызын арттырды. «Бисұлтан» би ансамблі озық өнерімен тәнті етті. Жас таланттар әнмен шашу шашып, көрермендерге мерекелік жоғары көңіл-күй сыйлады. Айта кетерлігі, мерекеге орай студент қылқалам шеберлерінің сурет көрмесі ұйымдастырылды.

1923 жылы 29 қазан күні елдің тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік Ата заңға өзгерістер енгізіп, Түркия Республикасы құрылғанын жариялады. Сондықтан түркі халқы бұл күнді қастерлеп, үлкен той-думанмен атап өтеді.



ТҮРКІ УНИВЕРСИТЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ 5-ШІ БАС АССАМБЛЕЯСЫ ӨТТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Түрік Кеңесі Түркі әлемі университеттер Одағының V Бас Ассамблеясы өтті.

Жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия елдеріндегі 32 университеттің ректорлары, ғалымдары мен студенттері, сондай-ақ

«Түркістан – Түркі цивилизациясының бесігі. Жыл сайын болатын жиын пандемияға байланысты біраз уақыт тоқтап қалды. Ал бүгін бүкіл Түркі мемлекеттерінен университет ректорлары бас қосып отырмыз, білім саласындағы өзекті мәселелерді талқылаймыз. Нәтижелі жиын болады деген сеніміміз мол!», – деді Түрік Кеңесінің Бас хатшысы.

Жиын барысында «Орхун» ұтқырлық бағдарламасының мәселелері және оны дамытуға қатысты нақты қадамдар қарастырылды. Мүше университеттер бағдарлама аясында жүзеге асқан жобалар бойынша есеп берді.

Алқалы жиында Халықаралық университетіміздің Түркі әлемі университеттері Одағына төрағалық кезеңі бойынша есеп беріліп, қарымды қызмет жоғары баға алды.

Сонымен қатар, мәжіліске қатысушылар Студенттік Кеңес тарапынан атқарылған іс-шараларды талқылап, 2021-2022 жылдарға арналған «Жол картасын» әзірлеу үшін ой-пікірлерін ортаға салды.

V Бас Ассамблея

мәжілісінде Түркі әлемі университеттері Одағына жаңадан Өзбекстан Республикасынан – 4, Қырғызстан Республикасынан – 2, Қазақстаннан – 1 университеттің мүшелігі ресми түрде бекітілді.

Шара соңында 2018 – 2021 жылдар аралығында артылған міндетті абыроймен атқарған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тағы бір жыл төрағалық етуіне шешім қабылданды.

Айта кетейік, Түрік Кеңесі Түркі әлемі университеттер Одағы 2013 жылы құрылған. Қазіргі таңда Одаққа Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия елдерінен 40-тан астам университет мүше.



халықаралық ұйымдардың өкілдері, дипломаттар, эксперттер, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысты.

Мәжіліс Түрік Кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев, Бас хатшының орынбасары Өмер Кожаман, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек және университет ректоры Жанар Темірбекованың құттықтау сөзімен басталды.

Ассамблеяда сөз алған Түрік Кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев жаһанды жаулаған пандемиядан кейін қайта бас қосқан жиын қатысушыларына сәттілік тілеп, шараның жалпы Түркі қоғамындағы маңызын тілге тиек етті.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІХ ТҮРКОЛОГИЯ
КОНГРЕСІ ТҮРКІСТАНДА ӨТТІ

Түркі жұртының басын қосқан дәстүрлі 2 жылда бір рет өтетін IX Түркология Конгресі қасиетті Түркістан қаласында өтті. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми зерттеу институты ұйымдастырған «Түркі мәдениеті мен өркениетінің сабақтастығы» деп аталатын Конгресс жұмысы археология, тарих, философия, тіл білімі, әдебиет, өнер, музыкатану, фольклортану және этнография ғылыми бағыттарына арналды. Онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылған Конгрестің салтанатты ашылуында Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, Бүлент Байрам, Ахмет Ясауи университетінің ректор өкілі Женгиз Томар, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темирбекова, Анадолы университетінің ректоры Фуат Эрдал, Гази университетінің ректоры Муса Йылдыз, Стамбұл университетінің ректоры Махмут Ақ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің Төрағасы Мухиттин Шимшек құттықтау сөз сөйлеп, ғалымдарға сәттілік тіледі.

Жиын барысында Түркология Конгресіне қатысуға мыңға жуық өтінім түскені белгілі болды. Бұл көрініс түркі халықтарының түркологияға деген құрметінен болса керек. Үш күнге жалғасқан IX Түркология Конгресінде ғалымдар Түркология саласына қатысты археологиялық зерттеулер; Түркі мемлекеттеріндегі археологиялық зерттеулер; Исламнан бұрынғы және исламнан соңғы түркі халықтарының тарихы; Ұлы дала тарихындағы Ұлы Жібек жолының орны; Жаңару кезеңіндегі ұлттық негізді қалыптастыру және тарихи сананың дамуы; Түркі философиясына қатысты жазбалар; Түркі мемлекеттеріндегі философияның оқытылуы және мәселелері; Тіл білімі ғылымы; Түркі тілдерінің жазбаша және ауызша тілдік материалдары; Әліпби және ортақ әліпби мәселелері; Исмаил Гаспыралыдан кейінгі түркі халықтарының ортақ тіл мәселесі; Түркі тілдерін зерттеу және үйрету мәселелері; Түркі әдебиетінің көне ескерткіштері; Қазіргі түркі халықтарының әдебиеті; Түркі халықтарының ортақ әдебиеті дәстүрін қайта жаңғырту мүмкін бе?; Фольклортану және этнография ғылымы; Түркі халықтарының түп-тұқияны; Ауыз әдебиетінің үлгілері, наным-сенімдер және салт-дәстүрлер; Археологиялық ескерткіштер және түркі халықтарының көркем өнері; Түркі көркем өнерінің әлем өркениетіндегі орны; Қыл қобыздан танбурға және электрогитараға дейін: түркі халықтары музыкасының өткені мен болашағы; Түркі халықтарының музыкатану ғылымы: жинақтау және орындаудағы болашақ жоспарлар жөнінде мәселелер көтерді.

Конгреске қазақстандық ғалымдардан өзге Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей ғалымдары қатысып, жүзден аса баяндама тыңдалды. Түркі жұртының басын қосқан Түркология Конгресі түркі халықтарының арасында маңызы бар ойлар мен істердің жүзеге асуына себеп болары сөзсіз.

Роза ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
Түркология ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Түркия Республикасы Гази университетінің ректоры, профессор Мұса Йылдыз Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне келді. Университеттің I вице-президенті, Өкілетті Кеңес Төрағасы қызметтерін атқарған құрметті қонақ Мұса Йылдыз оқу орнымыздың Ректор Өкілі, профессор Женгиз Томармен кездесіп, екіжақты ынтымақтастық келісіміне қол қойды. Мәртебелі мейман университет басшысы Жанар Темирбековамен жүздесіп, ректордың қызметіне құтты болсын айтып, табыс тіледі.

Университет ректоры Жанар Амангелдіқызы белсенді студенттермен кездесіп, өтініштері мен сұрақтарын тыңдап, жауап берді. Кездесуге Жастар саясаты департаменті директорының міндетін атқарушы Дәркембай Аружан, Жастар орталығының басшысы Исмайлов Арман және белсенді студенттер қатысты. «Студенттер – университеттің негізгі тірегі. Сондықтан сіздерге сапалы білім беру, жақсы жағдай жасау, өтініштеріңізді тыңдау, қызықты студенттік өмір сыйлау – басты міндетіміз. Біз жастардың пікірін ескереміз», – деді Жанар Амангелдіқызы. Өз кезегінде, студенттер университет өміріне, жатақхана және өзге де мәселер бойынша ұсыныстары мен өтініштерін айтты. Жанар Амангелдіқызы университет басшылығы жастарды қолдауға ердайым дайын екенін атап өтті.

«Түркістан Аруы – 2021» байқауының жеңімпазы, студентіміз Сұлтанбибі Шахапованы марапаттау рәсімі өтті.

Университетіміздің Спорт және өнер факультеті «Сән өнері» мамандығының 3 курс студенті Сұлтанбибі Шахапова қазан айының басында өткен «Түркістан Аруы – 2021» байқауында үздік деп танылған еді. Бүгін сұлулық конкурсының жеңімпазын салтанатты түрде марапаттады.

Шарада сөз алған Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, университетіміздің вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев Сұлтанбибіні жеңісімен құттықтап, «Қазақстан Аруы» ұлттық конкурсында сәтті өнер көрсетуіне тілектестік білдірді.

Марапаттау рәсімінде Сұлтанбибі Шахаповаға жеңімпаз Тәжі мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Вице-ректор Асқар Әбдуалиұлы облыста топ жарған ару студентімізге университет атынан қаржылай сыйлықтың сертификатын тарту етті. Айта кетейік, пандемия жағдайына байланысты «Түркістан Аруы» байқауы биыл алғаш рет онлайн форматта өтті. Конкурста 10 ару бақ сынап, шәкіртіміз Сұлтанбибі Шахапова жеңімпаз атанған еді. Енді аруымыз «Қазақстан Аруы» ұлттық конкурсына қатысады.

Университетімізде рухани һәм ғылыми байланыстарды арттыру мақсатында Түркология ғылыми-зерттеу институты мен Филология факультеті Түрік тілі кафедрасының бірлесуімен ғылыми конференция ұйымдастырды. Конференцияда Түркия Республикасы Еге университетінің ғалымы, профессор Метин Экижи «Қорқыт ата жырларындағы құндылықтар» атты арнайы баяндама жасады.

Түркі тілдес халықтардың әдебиетінде Қорқыт бірінде абыз қарт, жыршы-жырау, кейбірінде аңыз-әпсана кейіпкері немесе музыканың атасы, мәңгілік өмір іздеген жиһанкез кейпінде аталады. Қорқыт – ұлы даланың ежелгі тарихында теңдессіз тұлға ретінде көне түркі халықтарының санасында өшпестей із қалдырды, есімі ерекше ардақталып, мифтік кейіпкер дәрежесіне дейін көтерілді. Әуел бастағы болмысынан, ұлы даланың қасиетті рухынан, түбірінен ажырамағаны жайлы сырлы сұхбатқа жалғасқан конференция соңы ғылыми пікірлерге ұласты.

Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Бүлент Байрам түркиялық ғалым Метин Экижиға Университеттің, Түркология институтының тынысымен таныстырып, ғалымға ұжым атынан Алғыс хат тапсырып, ризашылығын білдірді.

Түркология ғылыми-зерттеу институты

МАЖАР ҒАЛЫМДАРЫ ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫМЕН ТАНЫСЫП, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Университетімізге келген мажар ғалымы, профессор Сандор Папп пен Сегед университетінің халықаралық және қоғаммен байланыс жөніндегі вице-ректоры, профессор Петер Закар Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен кездесті.

Кездесу барысында институттың ғылыми бағыттары жайында сұхбаттасып, қолжазбалар қорымен танысты. Түркология институтының архив материалдарын көріп, араб, парсы, шағатай тіліндегі көне жазбалар мен литографиялық кітаптарға қызығушылық танытты. Венгрия ғылым академиясында доктор атанып, Сегед университетінің ежелгі, ортағасырлық және жаңа венгр тарихы кафедрасында қызмет атқарған ғалым



Сандор Папп өзінің Шығыс халықтарының тарихы бойынша зерттеу жүргізіп жүргенін және Түркология институтының қолжазбалар қоры бойынша байланысып, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс атқарғысы келетінін жеткізді.

Кездесу соңында Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Булент Байрам мажар ғалымдары Сандор Папп пен Петер Закар мырзаларға университет және институт ғалымдары атынан алғыс білдіріп, алдағы уақытта ғылыми байланыстарын жалғастыратынын жеткізді.

Роза ЕСБАЛАЕВА
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

БӨРЕКЕЛДІ!

ШӘКІРТТЕР ЕРЛЕП ТҰР!

Ахмет Ясауи университеті журналистика бөлімінің түлектері Түркістан топырағында текке оқымағандарын бірінен соң бірі дәлелдеуде.



Жуырда ғана ақын Батырхан Сәрсенхан "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығына ие болып бір қуантса, бүгін тағы бір түлегіміз Шұғайып Сезімхан Қостанайда өткен аламан айтыста бас жүлде алып, темір тұлпар мінді! Дәнді өлкеде Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Ы.Алтынсариннің 180

жылдығына орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік, елімнің тұмарысың!» атты республикалық ақындар айтысында бас жүлдесін Шұғайып Сезімхан еншіледі. Жеңімпазға жергілікті зауытта құрастырылған Chevrolet Nexia көлігін тақымға басты. Жарайсындар,



яссауиліктер!
P.S.: Екі күн бойы көне шаһардың кішкентай мультікқұмарларына үлкен анимациялық кинофестиваль сыйлаған Сандуғаш Баймаханқызының да біздің түлек екенін мақтанышпен айтып қояйыншы...

Бекжігіт Сердәлінің Фейз-бук парақшасынан

СПОРТШЫМЫЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

Университетіміздің студенті Әбілтаева Назерке әйелдер арасындағы белбеу күресінен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Белбеу күресінен әйелдер мен ерлер арасында Әлем чемпионаты 26-29 қазан аралығында Татарстан Республикасының Қазан қаласында өтті.

Байрақты бәсекеде студентіміз Әбілтаева Назерке күміс жүлде иеленді. Спортшы 52 салмақ дәрежесінде бақ сынады.

Жаттықтырушысы – Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Абдісадық Халиллаев.



OPEN AIR - АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ КЕШ!

Мен Түркістан облысындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Журналистика және репортер ісі» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Биыл университетімізде алғаш рет ашық аспан астындағы студенттер кеші өтті. Бұл кеште жалындаған жастардың басым көпшілігі бой көрсетті. Жалпы маған кештің идеясы қатты ұнады. Көптеген студенттеріміз тек сабақ оқып қана қоймай, өз кештерін керемет әрі қызықты өткізді. Бағдарламада арқан тартыс, қол күрес секілді қазағымыздың керемет ойындары орындалды. Сонымен қатар Open Air-де Сүлейман сұлтан, Джокер, Ханшайым секілді аниматорлар да көрермендерді қызықтыра түсті. Жастардың өз күшімен ұйымдастырған кешінде барлық әндер жанды дауыста орындалды. Әсіресе, университетіміздің студенттері Бақдаулет Жолдасбек, Ердан Раймир, Бақдаулет Ерланұлы және Lee 23 секілді жастарымыздың әртүрлі тақырыпта орындаған әндері, тыңдармандармен ашық араласып, жұмыс жасай білуі ерекше таң қалдырды. Ал, маған ең қатты ұнағаны ұйымдастырушылардың қайырымдылық жасауды ұмытпағандары. Қанша жерден тек көңіл көтеру кеші дегенімізбен, жақсылықты да қатар алып жүрді. Жастарымыз жәрмеңке ұйымдастырып, әртүрлі сусындар, тоқаштар сатып, түскен қаржыны қайырымдылыққа жұмсайтын болады.

Ашық аспан астындағы естен кетпес күнге университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова өз жылы лебізін білдіріп, карантиннің аяқталуымен құттықтап, студенттерге алдағы уақыттағы оқуларына сәттілік тіледі!

Аружан БАРЛЫБАЙ
1 курс студенті

ДЕНСАУЛЫҚ

ДӘРІГЕР МАМАНДЫҒЫ – МАМАНДЫҚТЫҢ АСЫЛЫ

Адамзаттың денсаулығы мен өмірін сақтауды қамтамасыз ету – әр мемлекеттің, қоғамның ерекше міндеті. Ия, халықтың лайықты өмір сүру жағдайын жүзеге асыру – елдің адамгершілік саясатының бір парасы. Бұл әлеуметтік мәселені іске асыруда дәрігерлердің атқарар міндеті орасан. Олар адам өмірін сақтап, аурудың алдын алып, халықтың денсаулығын қалыптастырып үлкен қызмет атқарады. Алайда, бұл мамандықты таңдау әрбір жанның қолынан келе бермейді. Атақты орыс жазушысы әрі дәрігер, ұзақ жылдар бойы өзі сырқаттанған А.П. Чехов, дәрігердің басты қасиетін былай айшықтаған: «Дәрігер мамандығы – ерлік. Ол жандүниенің, ниеттің тазалығын талап етеді. Кез-келген адам мұндайға қабілетті емес». Яғни, игерем деген талапкер адам анатомиясын терең білумен

қатар, кез-келген жағдайдағы науқастан жиіркенбейтін, қаннан қорықпайтын, адам тағдырына немқұрайлы қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жан болуы керек.

«Арман адамға қанат бітіреді» деп тегін айтпаса керек. Қазақстан медицинасын дамытуға, халықтың денінің сау болуына үлесімді қосамын деп армандап жүрген жас талапкерлер жетерлік. Адам жанының арашасына айналуды басты міндет етіп қойғандардың мектеп бітірген соң, білім беру жолындағы үздік оқу орнын іздейтіні сөзсіз. Міне, осы орайда түркі әлеміне таны-мал, медицина мамандығы ерекше дамыған Түркістан шаһарында орналасқан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетін» айрықша атауға болады.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультеті 1991 жылы ашылған болатын. Сол жылдары факультетте 60 шақты ғана студент білім алды. Дәл қазіргі таңда оқу орнының өз клиникасы ашылып, тәлімгерлер көптеген есеге көбейді. Мұнда бүгінде қаншама докторлар мен профессорлар, ғылым кандидаттары, PhD докторлар студенттерге дәріс беруде. Университеттің, медициналық білім беру саласындағы педагогикалық стратегиясы – адамдардың денсаулығын жақсартуға және медициналық тәжірибедегі, зерттеулердегі инновациялық құралдар арқылы өркендеуіне жағдай жасау. Базалық білім беру, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура және үздіксіз кәсіби даму-ды қамтамасыз ету.

Еліміздің түкпір-түкпірінен сондай-ақ, барлық түркі елдерінен келіп білім алып жатқан оқу ордасының түлектерінің дипломдары Қазақстанда ғана емес, шет мемлекеттерде де қызмет етуге мүмкіндік береді.

Бұл орайда, жоғарыда айтылғандарды, мүмкіндіктерді бағалай отырып, әрбір талапкер өмірінде дұрыс таңдау жасау, яғни болашағын айқындауға сенімді негіз бола алатын және өзіне сай жоғары оқу орнын таңдауы өте маңызды. Білім беру сапасы жоғары ХҚТУ осындай оқу орындар санатында. Адам өміріне араша түсетін медицина мамандығын таңдайтын талапкерге біз ұсынған мәліметтер кәдесіне жарап, үздік білім ордасын таңдайтыны сөзсіз.

Ш. СКЕНДЕРОВА,
Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының
магистр оқытушысы



ТҮРКІСТАНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ЖҮРЕККЕ ОТА ЖАСАЛДЫ

Түркістан қаласында 1-қазаннан бастап жүрек қан тамырлары ауруларына ота жасалуда.

Заманауи Ангиограф аппараты көмегі арқылы хирургиялық тілік жасамай жүрекке, мойын және бас қантамырларына, аяқ қантамырларына ота жасалынады. Соның ішінде:

- 1) Коронарография, жүрек қантамырларына стент орнату
- 2) Ангиопульмонография
- 3) Мойын және бас артерияларына стент орнату
- 4) Бас миы тамырларының аневризмасының эмболизациясы
- 5) Электрокардиостимулятор, Кардиовертер-дефибрилляторларды орнату

- 6) Аяқ қантамырларының ангиопластикасы және стент орнату
 - 7) Жатыр артериясының, простата артерияларының эмболизациясы
 - 8) Жүректің Электрофизиологиялық зерттеуі және Радио жиілілік катетерлі абляциясы
 - 9) Бүйрек артерияларына стент орнату
- «Талғат» клиникасы ғимаратында орналасқан «Asia Med Clinic» кардио орталығының дәрігерлері 2 апта ішінде 30-ға жуық науқасқа операция жасаған. Орталықтың бөлім меңгерушісі, интервенционды кардиолог Елтай Артықбаевтың айтуынша, барлық ота сәтті шыққан. Жүрек ырғағы бұзылыстары ауруларына шалдыққан науқастар үшін тегін қызмет көрсететін кардиологиялық орталық заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мәселен, SIEMENS ангиограф аппараты Германиядан арнайы сатып алынған. Құны 300 млн. теңгені құрайтын медициналық аппарат миокардия инфаркт, жүрек қан тамырлары ауруларына ота жасауға таптырмас құрылғы.

«Білікті дәрігерлеріміз талай жанның дертіне шипа табуына тер төгуге дайын. Барлық ота жолдама (портал) арқылы жасалынады. Әрине, шұғыл жағдайда уақытпен санаспай ота жасау біздің дәрігерлік борышымыз. Алғашқы ота түркістандық Расул Атахановқа жасалды. Қазіргі таңда барлық науқастардың жағдайы тұрақты», - деді кардиоорталықтың директоры Саламат Құрманбаев. Жалпы мұнда Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау қалаларынан келген 15 медицина маманы жұмыс істеуде.

Ал, кардиология саласында 6 жылдық тәжірибесі бар дәрігер Елтай Ертайұлы Алматы қаласында жұмыс жасап біліктілігін арттырған. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Жалпы медицина мамандығының 2015 жылғы түлегі. Мектепте озат, жоғарғы оқу орнын үздік бітірген замандасым, сыныптасым әрі группаласымның жұмысына сәттілік тілеймін.

А.ИБРАГИМОВА,
Жедел медициналық жәрдем кафедрасының
магистр - оқытушысы



мәселе

ЖАСТАРҒА ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Neet жастар неге қаптап кетті?

«NEET жастары» несі деп отырған шығарсыз. Бұл – соңғы жылдары пайда болған жастардың тобы. Әлемдік ғылым мен мемлекеттік басқару саласында NEET деген ұғымның қолданыла бастағанына біршама жыл болды. NEET - «оқуға, еңбектенуге, ізденуге құлықсыз саяси және азаматтық белсенділігі аса төмен, жауапкершілікті мойнына алып, белсенді өмір сүруге ниеті жоқ жастардың жалпы жиынтығы». Қазақ тілінде бұл терминді бір сөзбен «құлықсыз жастар» деп те атауға болады. Бүгінгі таңда қоғамда Neet жастардың қатары күннен күнге көбеюде.

Қазір де мектепті бітіре қалаға алып-ұшқан жастардың қарасы аз емес. Бірінің бағы жанып, мемлекеттік грант негізінде білім алып жатса, бірінің ата-анасы «балам елден қалмасын» деп ұл-қызының құжатын ақылы бөлімге тапсыртып, бірді-бірге жалғап отыр. Алайда, оқуын тәмамдағанмен, мамандық бойынша жұмыс таппай, машақат тартып жүргендері де қаншама. Ал, барлығына қолды бір-ақ сілтеп, ауылда қалған жастардың жағдайы не әрі емес, не бері емес. Керген жұрттың "сен оқуға тапсырмадың ба?" деген сөзден әбден мезі болған жастар екі қолына бір күрек таба алмай, басын тауға да, тасқа да ұрады.

...Кеңестік кезеңде қалаға оқуға аттанғандармен қатар біраз жастар совхоз, колхоздардың шаруасын игеруге ауылда қалатын. Ауылда қалғандарға да шаруашылықтан жұмыстар табылушы еді. Ал қазір ше?



Бүгінде кәсіптік колледждердің де білім беріп, қажетті мамандарды шығарып жатқаны шамалы. Мектептің 9-11 сыныптарын бітірген оқушылар үшін соңғы нұсқа болып саналатын, жұртшылықтың арасында «СПТУ» аталатын колледж студенттерінің негізгі мақсаты – маман болып



шығу емес, шәкіртақидан айырылмау ғана. Ол үшін, көз майын тауысып кітап ақтарып, салаңызды жіті зерттеудің қажеті шамалы-ақ, бастысы дәрісте қалмай төбе көрсеткеніңіз жеткілікті. Ал, мұндағы оқытушылар білікті мамандар даярлаудың орнына, студенттерді шәкіртақидан айырмайтындығына сендіріп, қалталарын қағуға дөңгіп алған. Елдегі білім жүйесінің бүгінгі бет-бейнесі осы. Жоғарыда, Кеңес тұсында ауылда қалған жастардың шаруашылықта жемісті еңбек атқарғанын атап өттік. Қазір ол шаруашылықтар жоқ. Оқуға ілінбеген көп жастар болашағы бұлыңғыр вахталық фирмаларға қарасты күзетші немесе бос сенделіп жүр. Бұл мәселені бір жүйеге келтірмесек, біліксіз мамандар мен жұмыссыз жастардың саны өсе бермек. Жұмыссыздықтың ақыры қылмыстың өршуіне де әкеліп соғуы ғажап емес. Сондықтан да, жастардың жігерін жанитындай жаңа жобаларды ойлап табу керек секілді. Өйтпесе, күллі жұртты вахтаға жұмылдыратындай, қазақтың даласындағы мұнай мен уран қашанға дейін сарқылмайды дейсіз...

Ерқанат БАЛТАБАЙ,
3-курс студенті,

FARAB – РУХАНИ ОРДАМЫЗҒА АЙНАЛУДА

XXI ғасыр технологияның дамыған заманы. Алайда, әр адам өзіне рухани азық алу мақсатында кітапхана, мұражай, театрға баруы керек. Осындай мақсатпен қаламызда жақында ашылған FARAB кітапханасына бас сұққан едім. Farab тек кітапхана емес, киелі Түркістанның тарихи мұрасын сақтайтын мәдени ошақтың біріне айналып келеді.

Шымкент қаласы тарту еткен кітапхананың қорында 250 мыңнан астам кітап бар. Сонымен қатар толықтай заманауи техникамен жабдықталған. 400 орындықты оқу залы – ғылыми-әмбебап нысанның ерекше аумағы. Farab кешені 3 қабаттан тұрады.

Бірінші қабаты – Fab-lab. Мұнда оқырмандар кездесіп, түрлі бас-қосулар өткізе алады. Fab-lab лабораториясында лазерлік құрылғылармен жұмыс істеуге болады. Атап айтқанда сувенир, пазл құрастырып үйреніп, ғылыми жобаларда өз бағын сынай алады.

Екінші қабатында түрлі шеберханалар мен қолөнер дүкені өз тұтынушыларын күтуде.

Жоғарғы үшінші қабатта әлем және қазақ ақын-жазушылары, ғұламалардың шығармалары мен естеліктеріне толы.

АҚШ-та мәдени және тарихи мұраны жылдар бойы өз қалпында сақтауға аса мән береді. Сол секілді Farab кітапханасында өте сирек кездесетін кітаптар қоймасы орналасқан. Бұл жерде құнды дүниелерді қайта қалпына келтіруге немесе цифрландыру арқылы сақтауға болады.

Аз уақытта кітапсүйер қауымның сүйікті орнына айналған орталықта кофехана да өз қызметін ұсынуда. Мультимедиа залы, дыбыс жазу бөлмесі мен каллиграфия, қыш құмыра жасау шеберха-



насын келушілер өз игілігіне пайдалануда.

Farab кітапханасы алдағы уақытта да ерекше идеяға толы нысан болары сөзсіз. Рухани тұрғыдан өзіңізді жетілдіріп, ой-өрісіңізді кеңейтіп, тұлғалық дамуға ден қойсаңыз «FARAB»-қа келіңіздер достар!

Жанайым ШЫРЫНБЕКОВА,
3-курс студенті

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Сандуғаш Баймаханқызы, Balapan телеарнасының бас продюсері:

«ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕР ӘМБЕБАП БОЛУЫ КЕРЕК»

Медиа-тренер, «Балапан» телеарнасының бас продюсері Сандуғаш Баймаханқызы өзі түлеп ұшқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне келіп, болашақ журналистермен кездесіп, өз тәжірибесімен бөліскен еді. Балалар контентін жасауға үлес қосып жүрген продюсер, тележурналист Сандуғаш ханыммен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Сандуғаш апай, халықаралық Internews Kazakhstan халықаралық ұйымының грантын жеңіп алып, АҚШ-қа екі айлық сапармен барған екенсіз. Өзіңізді қызықтырған, білген-түйген дүниелеріңізбен бөліссеңіз?

– Онда бізді ең қызықтырғаны – журналистердің өз ісіне берілгендігі. Әлеуметтік жағынан қорғалғандығы. Шын мәнісінде журналистика төртінші билік деген сөзді заңмен де, сөзбен де құнды ете алады. Ондағы журналистер бір іске басы бүтін берілсе, соны аяқтамайынша бас көтермейді екен.

Журналистиканың ең бір жақсы дамыған тұсы – салалық журналистика. Ол жақта журналист емін-еркін бір тақырыпты қозғап, тереңінен зерттегендіктен олар сол тақырыпты мейлінше терең, жан-жақты етіп аша алады. Мәселен, экономика тақырыбында қалам тербейтіндер әдебиетті жазбайды. Сол саладағы сараптама, сол тұрғыдан олар білікті.

«Вашингтон пост» газетіндегі қызметкерлердің өзі еденге түрлі парақтар, дүкеннен алынған чектерді жайып тастап, зерттеу ісін жасап отырғанын көзім көрді. Өз ісіне қатты берілгендігі соншалықты адам қасынан өтіп жатса да оған мән бермейді.

– Қазіргі жаңа медиада жұмыс істейтін журналистердің қандай болуы шарт?

– Журналистикадағы жас буынның бүгінде салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, арманы жоқ. Бәсекелестік бар жерде әрине сапа болады. Кез келген БАҚ-тың интернет нұсқасы – сайты бар. Ондағы ақпарат экранға шықпауы мүмкін. Өзара бөлек дамып жатыр. Қазіргі журналистер әмбебап болуы қажет. АҚШ-тағы журналистиканың елімізден айырмашылығы сол, жұмысқа деген ынта, бәсекелестік жоғары. Ал бізде енді маман болғалы жатқан журналистердің дұрыс бағытталуы, қызметін сезіне алуы, бір саланы жетік меңгеруі әлі де кемшін. Қазіргі мүмкіншіліктердің бәрін ескере отырып, сапалы материал жасауға болады. Жас журналистер ұдайы ізденіп, шығармашылық жауапкершілікпен қызмет атқаруы тиіс.

–Түркияның TRT арнасымен жұмыс жасап, тәжірибе алмасу барысында қандай жаңашыл дүниелер алып келе алдыңыздар?

– Бізді қызықтырғаны олардың аудиториясын зерттеуі, бағдарлама кестесін қалай жасауы және ең бастысы сценарий жазуы. Олар сценарийді бірнеше бағытта өрбіте алып, анимациялық жоба жасауы контенттерді өтімді етеді. Техникалық тұрғыдан біз осал емеспіз. Рейтинг үшін деп тиімсіз жұмыс жасар болсақ,

уақыт жоғалтамыз. Жасаған жұмысымыз бала санасында қалса бұл біздің жеңісіміз. Телеарна директоры Бекир Йылдызжының сөзі есіме түсіп отыр. Ол: «Бізді көрермен сынай берсін. Рейтинг көтерілмесе де, біз осы еңбектің жемісін 20 жылдан соң көреміз. Дәл бүгінгі келешекпен байланыстырамыз», деп айтқан болатын. Керемет жарқын сәттер болды. Өзара үйлесімділігі, жарнаманың берілуі қызықтырды. Бұл екі тарап үшін де өзара тиімді тәжірибе алмасу болды.

– Бүгінде журналистердің бірнеше жұмысты қатар атқаруына мүмкіндігі бар ма? Қосымша табыс көзі ретінде журналист қандай қызметтер атқара алады?

– Бір жалақыға өмір сүру өте қиын, әрине. Жұмыстан тыс уақытта сайтқа мақала жазыңыз. Креативті мақалалар және СММ-мен айналысу – бұл шығармашылық жағынан да пайдалы. Бірнеше жерде жұмыс істеп, өзіңізді сата аласыз. Жұмыс беруші біліктілігіңізге сенсе, аудитория тарта аласыз, рейтинг көтерсеңіз сіз маман екендігіңізді көрсетесіз. Тәжірибе жинап, бірнеше салада жүру сәтті бола бермейді, дегенмен өз мүмкіндіктеріңізбен жұмыс жасай алсаңыз бұл – жетістік.

–Осы салада жүргеніңізге 20 жылға жуықтады. Ендігі кезекте шәкірт дайындау ойыңызда бар ма?

– Басқару функциясы бар қызметте жүргеніме 6 жылға жуықтады. Қол астымда қанша адам болса да барлығына білгеніммен бөлісуге тырысамын. «Ұстазым» деп келген, білген үстіне біле түскісі келген жастардың бетін қайтармаймын. Аудитория жинап, ақылы курс өткізуге медиа мектеп ашу жолын таңдауға да болар еді. Дегенмен, журналистика саласын таңдаған болашақ маманды жаныма алып, нағыз тәжірибе ортасына шақырып үйретуден бас тартпаймын. Меніңше, «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» демекші, осы салаға ден қойған мамандарды ғана дайындау – басты принциптеріміз бірі. Ең бастысы адамда ішкі цензурасы болуы керек. Қандай болмасын – ішкі критикаңыз мықты болсын.

– Балалар мультипликациясына енгізгім, алып келгім келеді деген қандай идеяларыңыз бар?

– Ондай дүниелер өте көп. Кейде бірі келіссе, бірі келіспей қалады. Бір идея болғанмен оны жүзеге асыратын команда тапшы. Қазіргі балалар тілі қазақша болғанмен, ой мен пайымы орысша. Түптеп келгенде балалардың тәрбиесіндегі ерекшеліктеріне мән беру басты назарымызда. Шетелдік телеарналарды тамашаласақ, өзін еркін ұстаған балаларды көресің. Ал, біздің балалар бұл тұрғыда келгенде баяулау, өздерін бұйығылау ұстайды. Бұл біздің аудитория үшін тиімсіз екендігін байқайсың. Іштей көнгенмен, «әттең қолдың келтесі-айлап» қаласың. Телеарна өз әлеуетін сезіне отырып, қолы жеткеннің бәрін жасайды. Балалар үшін контент жасайтындар көбейсе бәсекелестік көбейе түсетін еді деп ойлаймын.

Сандуғаш БЕКТҰРОВА,
3-курс студенті





29 Ekim Cumhuriyet Bayramı Ahmet Yesevi Üniversitesinde Coşkuyla Kutlandı

Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluşunun 98. yılı, 29 Ekim 2021 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Kültür Merkezi'nde düzenlenen törenle ve büyük bir coşkuyla kutlandı.

29 Ekim Cumhuriyet Bayramı Töreni; saygı duruşu, İstiklal Marşı ve Kazakistan Millî Marşı'nın ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Rektör Dr. Janar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Tarih Bölümü Öğretim Görevlisi Eren Akdeniz'in açış konuşmalarıyla başladı.

Kutlama konuşmasında Prof. Dr. Şimşek, "Malazgirt Zaferi'nden bugüne pek çok cephede bin yıldır sürdürdüğümüz bağımsızlık mücadelesinde her bir karışı şehit toprağıyla sulanan vatanımızı bizlere emanet eden şehitlerimizi, İstiklal Harbi'mizin tüm kahramanlarını ve Türkiye Cumhuriyeti'nin kurucusu Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ü rahmet ve minnetle anıyorum. Cumhuriyet, milletimizin tarih sahnesinde yeniden dirilişinin adı ve Kurtuluş Savaşı'nın en önemli mirasıdır" diyerek Türk milleti ve Türk dünyası için bağımsızlığın, millî birlik ve beraberliğin önemine vurgu yaptı.

Ardından söz alan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türk dünyasının manevi başkenti Türkistan'da Cumhuriyet Bayramı coşkusunu yaşamının ayrı bir anlam ifade ettiğini belirterek Atatürk ve silah arkadaşlarının emperyalizmle mücadelesinin Türk dünyasının birliği, beraberliği ve bağımsızlığı için örnek teşkil ettiğine dikkat çekti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi personellerinin ve öğrencilerinin katıldığı 29 Ekim Cumhuriyet Bayramı Töreni; halk oyunları, dans gösterileri ve müzik dinletisi ile devam etti.

Cumhuriyet Bayramı Kutlama Töreni, Ahmet Yesevi Üniversitesi ailesinin bir araya geldiği hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.



YESEVİ ÖĞRENCİSİNDEN RÖPORTAJ



Öncelikle üniversitemiz hakkında bir şeyler söylemek istiyorum. Üniversitemiz 1991 yılında eğitim- öğretime başladığından beri bir çok yeniliklere adım atmıştır. Türk Cumhuriyeti ve Türk topluluklarındaki üniversite çağında bulunan gençlerin bir çatı altında Türklük bilinci uluslararası eğitim ve çağdaş bilimin gereklerine göre eğitim almalarını Türk tarihini, Türk kökenini tanımalarını kendi tarihlerini unutmadan geleceğe daha bilinçli bakmalarını sağlamıştır. Bunun yanında bir çok fırsat sunmuştur.

1. Çift diploma
2. Dil avantajı { Rusça, kazakça, İngilizce , Türkçe }
3. Burs imkanı
4. Farklı ülkelerden arkadaşlar edinmek {kültürlerini, yemeklerini, tarihini vb.}
5. Aktiviteler {yüzme havuzu, kütüphane, futbol sahası, kulüpler, fitness salonu, basketbol sahası, voleybol sahası}

Yesevi muhabir: Hoca Ahmet Yesevi üniversitesine nasıl gelmeye karar verdiniz?

Öğrenci: Akademisyen olmayı düşündüğüm için ve daha sonrasında Orta Asya dillerini kariyerimde kullanmayı düşünüyorum.

Yesevi muhabir: Üniversiteye gelmeden önce Kazakistan ve üniversite hakkında neler biliyordunuz?

Öğrenci: Daha öncesinde hoca Ahmet yesevinin divanı hikmet eserinden dolayı tanıyordum. Nursultan nazarbayevinde Türk dünyasının ak sakalı olduğunu biliyordum.

Yesevi muhabir: Üniversiteye ilk geldiğinizde neler hissettiniz?

Öğrenci: Çok heyecanlandım Türk dünyasından arkadaş edindikçe çok mutlu oldum. kazakçayı ilk duyduğumda dillimize ne kadar yakın olduğunu ama coğrafi olarak uzak olduğun düşünedim.

Yesevi muhabir: Üniversiteniz uluslararası bir üniversite avantajlarını ve dezavantajlarını söylemisiniz?

Öğrenci: Avantajları; birçok ulustan arkadaş edinebilmek ,farklı kültürleri öğrenebilmem ve diğer dilleri öğrenebilme imkanı benim için bir artıdır. Dezavantajları yok tek söyleyebileceğim ailemden ve ülkemden ayrı kalmam.

Yesevi muhabir: Bu üniversitenin size bir şeyler kattığını düşünüyor musunuz?

Öğrenci: Kazakça ve Rusçayı etkili bir biçimde öğrenebilmek farklı milletlerden arkadaşlar edinmek. Donanımlı eğitimcilerden öğrenim görmek ve hem Kazakistanda hemde Türkiyede diploma almak .

Yesevi muhabir: Sizinle bu röportajı yapmak büyük bir zevkti teşekkürler. Hayatınızda size başarılar dilerim.

Öğrenci: Asıl ben size teşekkür ederim benimle bu röportajı gerçekleştirdiğiniz için çok güzel oldu . Başarılar dilerim hayatınızda

Hicran CENGİZ,
3. sınıf öğrencisi

СПОРТ

КҮЗГІ ЧЕМПИОНАТТЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ

Бүгін университетімізде волейболдан 2003-2004 жылы туылған жасөспірім ер балалар арасында Қазақстан Республикасының күзгі чемпионатының ашылу салтанаты өтті. Аталған шарада оқу орда ректоры Жанар Темірбекова студент жастарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар ректор өкілі Жәңгіз Томар мен Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев спортшы студенттердің сайыста топ жаруына тілектестік білдірді.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған жарысқа сегіз команда қатысып өзара бақ сынауда. 30-қазаннан бастау алған чемпионат 6- қарашада өз мәресіне жетеді.

Жарыстың мақсаты – білімгерлер арасында волейболды дамыту, жоғары оқу орындарының спорт клубтары арасындағы серіктестікті арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру.



Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: **Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassauy@mail.ru